



**Хирургиялық бейіндегі медициналық білім беру
бағдарламаларының
жобаларды басқару топтарының 2025–2026 оқу жылындағы
қызметі туралы
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП**

Төраға: профессор, PhD

«Астана медицина университеті» КеАҚ акушерлік
және гинекология №1 кафедрасының меңгерушісі
Хамидуллина Зайтуна Гадиловна



Комитеттер тізімі (14 комитет):

- КОП «Кардиохирургия»
- КОП «Нейрохирургия»
- КОП «Жалпы хирургия»
- КОП «Офтальмология»
- КОП «Пластическалық хирургия»
- КОП «Жақ-бет хирургиясы»
- КОП «Урология»
- КОП «Акушерлік және гинекология»
- КОП «Патологиялық анатомия және сот-медициналық сараптама»
- КОП «Радиология» комитеті
- КОП «Клиникалық зертханалық диагностика»
- КОП «Оториноларингология»
- КОП «Ангиохирургия»
- КОП «Медициналық генетика» (2024 жылғы ақпаннан бастап)

Комитеттердің жұмысы медициналық білім берудің негізгі мәселелері бойынша жоғары оқу орындары арасындағы өзара іс-қимылды, кәсіби сараптаманы және шешімдердің үйлесімділігін қамтамасыз етті.



Хирургиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламаларын басқару тобы 2025–2026 оқу жылында мамандықтар бойынша бейіндік комитеттердің қызметін үйлестіруді, білім беру бағдарламаларын ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуді, оқу-әдістемелік материалдарға сараптамалық бағалау жүргізуді және Қазақстан Республикасындағы медициналық білім беру жүйесін жетілдіруге қатысуды жүзеге асырды.

Жобаларды басқару тобының қызметі келесі бағыттарға бағытталды:

- медициналық кадрларды даярлау сапасын жетілдіру;
- интернатура, резидентура және қосымша білім беру бағдарламаларын дамыту; түлектерді тәуелсіз бағалау жүйесін жетілдіру;
- медициналық білім беруді сараптамалық сүйемелдеуді дамыту;
- нормативтік-әдістемелік базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастыру.

Жұмыс 2025–2026 оқу жылына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.



Есепті оқу жылында ЖБТ қызметі келесі міндеттерді шешуге шоғырландырылды:

- білім беру бағдарламаларын ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеу;
- тәуелсіз бағалаудың техникалық ерекшеліктерін әзірлеу және келісу;
- білім мен практикалық дағдыларды бағалауға арналған материалдарды дайындау;
- нозологиялар мен шұғыл жағдайлар тізбесін қалыптастыру;
- бірыңғай сараптамалық корпусты қалыптастыру; қосымша медициналық білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізу;
- мамандарды даярлаудың білім беру траекторияларын жетілдіру; МЖБС (ГОСО) және үлгілік оқу бағдарламаларына ұсыныстар әзірлеуге қатысу;
- медициналық білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуін жетілдіру.



№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауапты адам	Аяқталу нысаны
1	2025–2026 оқу жылына арналған ЖБТ құрамын жаңарту және 2025–2026 оқу жылына арналған ЖБТ жұмыс жоспарын бекіту.	Қыркүйек	ЖБТ төрағасы	ЖБТ мүшелері мен комитеттерінің тізімі және жұмыс жоспары
2	«Акушерлік және гинекология» және «Хирургия» мамандықтары бойынша бейіндік интернатура түлектерінің оқыту нәтижелерін (ОН) талқылау және бекіту.	Қазан	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама Оқыту нәтижелерінің тізімдері
3	Тәуелсіз бағалаудың техникалық ерекшеліктері қайта қаралып, оңтайландырылды; нозологиялар мен шұғыл жағдайлар тізбелері қалыптастырылды; клиникалық кейстердің құрылымы қайта қаралды; бағалау құралдарының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі қамтамасыз етілді.	Қазан-қараша	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама
4	«Акушерлік және гинекология» және «Хирургия» мамандықтары бойынша бейіндік интернатура түлектерінің оқыту нәтижелерін (ОН), құзыреттерін және F және G типті жаңа тесттерді талқылау және бекіту.	Қараша	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама Оқыту нәтижелерінің, құзыреттердің тізімдері
5	«Акушерлік және гинекология» және «Хирургия» мамандықтары бойынша бейіндік интернатура түлектерінің кәсіби даярлығының техникалық спецификациясын бекіту.	Қараша	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама Техникалық спецификациялар тізімдері



6	Есепті кезеңде резидентура түлектерін тәуелсіз емтиханнан өткізу құрылымы жетілдірілді. Бағалаудың екі кезеңді моделі енгізілді: 1-кезең – компьютерлік тестілеу; 2-кезең – практикалық құзыреттерді бағалау. Аталған модель түлектердің дербес кәсіби қызметке дайындығын кешенді бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.	Қараша	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама Оқыту нәтижелері мен құзыреттер тізімдері
7	Резидентура түлектерінің кәсіби даярлығының техникалық спецификациясын бекіту. 2025–2026 оқу жылына арналған спецификация жобалары.	Желтоқсан	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама Техникалық спецификациялар тізімдері
8	Барлық даярлау деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының сарапшылар топтарын қалыптастыру және бекіту, оларды сарапшылар базасына енгізу үшін ОӘБ-ке ұсыну.	Желтоқсан	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама Сарапшылар тізімі
9	«Акушерлік және гинекология» және «Хирургия» мамандықтары бойынша бейіндік интернатура түлектерінің кәсіби даярлығының техникалық спецификациясын қайта талқылау және бекіту.	Қаңтар	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	



10	Түлектерді тәуелсіз емтиханнан өткізуге арналған емтихан материалдарын талқылау, оған ОӘБ РҰМС төраға орынбасары Б.С. Имашева мен Білім мен дағдыларды бағалау департаментінің директоры К.К. Досмамбетова қатысуымен.	Ақпан	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама
11	Дәрігер-интерндердің резидентурада тиісті мамандық пен біліктілік алу үшін білім беру траекториясы жобасын қарастыру мәселесі.	Наурыз	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама
12	«Психиатрия» мамандығы бойынша комитеттің өтінішіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 4 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығына «Терапия», «Жалпы дәрігерлік практика», «Педиатрия», «Акушерлік және гинекология», «Хирургия» мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының құрылымдарын толықтыру мәселелері бойынша толықтырулар мен ұсыныстар енгізілді.	Наурыз-сәуір	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	
13	Интернатура түлектерінің резидентураға өту маршруттарына талдау жүргізілді; хирург дәрігер мен акушер-гинеколог дәрігерді даярлау процесінен сәйкес келмейтін траекторияларды алып тастау бойынша ұсыныстар әзірленді.	Сәуір	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	



14	«Оториноларингология (балалар)» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын талқылау.	Сәуір	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама Сараптама актісі
15	«Трансплантология (негізгі мамандық бейіні бойынша)» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын талқылау.	Сәуір	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама Сараптама актісі
16	«Ультрадыбыстық диагностика» сертификаттау курсының білім беру бағдарламасын талқылау, оны «Астана медицина университеті» КЕАҚ және «Семей медицина университеті» КЕАҚ Павлодар филиалы әзірлеген.	Сәуір	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама Сараптама актісі
17	«Акушерлік және гинекология» және «Хирургия» мамандықтары бойынша интернатураның үлгілік оқу бағдарламасының құрылымын бекіту.	Сәуір	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама
18	Базалық және жоғары оқу орнынан кейінгі даярлықтың үйлесімділігі мәселелері талқыланды; мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын жетілдіру мәселелері қаралды; аталған бағыттағы жұмыс даярлау сабақтастығын арттыруға және білім беру траекторияларының практикалық денсаулық сақтаудың қазіргі қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталды.	Сәуір-мамыр	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	



19	ДиНФО ОӘБ секциясының «Кардиология» комитетімен бірлескен отырысы өткізілді. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығынан «Кардиохирургия» мамандығы бойынша «Аритмология» мамандануын алып тастау туралы» ОӘБ РУМС-қа ұсыныс енгізілді.	Мамыр	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	
20	ЖБТ мүшелері резидентураның білім беру бағдарламаларына бірыңғай қабылдау емтиханын енгізу әдістемесін және резидентура түлектерін бірыңғай тәуелсіз бағалаудың электрондық форматын талқылау бойынша ҰТО өкілдерімен белсенді түрде қатысты.	Мамыр	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	
21	«Хирургия» және «Акушерлік және гинекология» мамандықтары бойынша интернатураның үлгілік оқу бағдарламасының құрылымын бекіту.	Мамыр	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	Хаттама
22	ЖБТ және комитеттердің қызметіне мониторинг жүргізу.	Маусым	ЖБТ төрағасы	



23	Бейіндік комитеттер мамандары тарапынан келесі материалдарға сараптама жүргізілді: • тәуелсіз бағалауға арналған техникалық спецификациялар құрылымы; • түлектерді тәуелсіз бағалауға арналған тест тапсырмалары банкі; • қосымша білім беру бағдарламалары (сертификаттау курстары). Ең маңызды нәтижелердің бірі терапевтік бейіндегі мамандықтар бойынша бірыңғай сараптамалық корпустың қалыптастырылуы болды, бұл білім беру материалдарының сапасын бағалауда бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.	2025–2026 оқу жылдары	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	
24	Тұрақты түрде отырыстар өткізу қамтамасыз етілді; комитеттер, медициналық жоғары оқу орындары және сараптамалық қауымдастық, практикалық денсаулық сақтау мамандары арасындағы өзара іс-қимыл ұйымдастырылды. Есепті кезеңде барлығы 12 ЖБТ отырысы өткізілді.	2025–2026 оқу жылдары	ЖБТ төрағасы Комитет өкілдері	



2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- хирургиялық бейін бойынша ЖБТ-ның 12 отырысы өткізілді;
- ОӘБ РУМС және ҰТО-мен бірлесіп 14 бейіндік комитеттің үйлестірілген және келісілген қызметі қамтамасыз етілді;
- жұмыс жоспары толық көлемде орындалды;
- интернатура түлектерінің оқыту нәтижелері өзектендірілді;
- тәуелсіз бағалаудың техникалық спецификациялары жетілдірілді;
- нозологиялар мен шұғыл жағдайлар тізбелері қалыптастырылды;
- бірыңғай сараптамалық корпус құрылды;
- қосымша білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізіліп, мамандық бейініне сәйкес УДЗ диагностикасы бойынша СК бағдарламаларын әзірлеу ұсынылды;
- білім беру траекторияларын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындалды;
- МЖБС және үлгілік оқу бағдарламаларына ұсыныстар әзірленді;
- комитеттер шеңберінде жоғары оқу орындары арасындағы өзара іс-қимылдың, медициналық орталықтармен және практикалық денсаулық сақтаумен ынтымақтастықтың дамуы қамтамасыз етілді.



2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша хирургиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламаларының ЖБТ қызметі Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және медициналық білім беру жүйесін дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттерге сәйкес және нәтижелі деп танылды.

Шешім:

- ЖБТ жұмысын қанағаттанарлық және нәтижелі деп тану;
- жылдық есепті бекіту;
- есепті «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Оқу-әдістемелік бірлестікте қарауға ұсыну.
- ЖБТ төрағасы мен комитеттер мүшелері хирургиялық бейін бойынша ЖБТ қызметін «Астана медицина университеті» КЕАҚ КПА көрсеткіштеріне енгізуді ұсынады.

Мемлекеттік тіл бөліміне техникалық спецификациялар және басқа да құжаттарды аудару бойынша қолдау көрсету.

АСТАНА МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТИ



ASTANA MEDICAL
UNIVERSITY

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

